«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

30.03.18. № 02-09/703

**«Мұнайлы Тазалық»
ЖШС-нің директоры
М.Салхановқа**

*Ақтау қаласы, 27 ш/а, 45 ғимараты
тел: 87016093366, e-mail.
munaylitazalik@mail.ru.*

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің, «Маңғыстау ауылы әкімінің аппараты» ММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 2246815-1 «Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылы және маңғыстау 1,2,3,4,5 тұрғын үй массивтерінің аумағын санитарлық тазалығын қамтамасыз ету» жұмысын сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 12.03.2018 жылғы №6845 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Сіздің сатып алуға қатысты келтірген шағымыңзда көрсетілген мәслелер бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен келесідей заң бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі – Қағида)* 85-1-тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Конкурсты ұйымдастырушының тарапынан бекітілген конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте жалға алынған немесе тұрақты базасы болуы және қажетті еңбек ресурстары 55 жұмыскерінен кем емес, қатты тұрмыстық қалдықтарды полигонмен шығаруға міндетті шарттың болуы және иесіз қалған малдар мен жануарлар өліктерін жинап тапсыратын арнайы мекемелерімен келісім шарттың болуы және дезинфекция жасау үшін арнайы мекемелерімен келісім шарттың болуы қажеттігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V санды Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабының 1-тармағының 4-тармақшасында, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы көзделген.



000483

Сондай-ақ, осы аталған Заңның 9-бабының 3-тармағында, әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынатындығы көзделген.

Сәйкесінше, Қағиданың 150-тармағында, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес, болмаған жағдайда, конкурсқа қатысуға жібермейтіні көрсетілген.

Бұл ретте, конкурстық құжаттаманың 6- қосымшасының 4-тармағында, әлеуетті өнім беруші еңбек ресурстары туралы мәліметтерді көрсете отырып, «Қызметкердің Т.А.Ә. (жеке куәлігінің электрондық көшірмесі қоса берілсін)» делінген.

Алайда, конкурсқа қатысуға жіберілген «West Mangistau» ЖШС-гі, 6-қосымшаға сәйкес ұсынған біліктілік туралы мәліметінің 4-бөлімінде 55 адам саны көрсетіліп, соның ішінде 5 адамның жеке басын анықтайтын құжаттарының жоқтығына қарамастан конкурсқа қатысуға жібермеу керек болатын.

Одан бөлек, конкурсқа қатысуға жіберілген «Строй Альянс Сервис» ЖШС-нің 6-қосымшаға сәйкес ұсынған біліктілік туралы мәліметінің 4-бөлімінде 55 адам саны көрсетіліп, соның ішінде 18 жұмысшының жеке басын анықтайтын құжаттарының ұсынбауына байланысты конкурсқа қатысуға жібермеу керек болатын.

Сонымен қатар, бекітілген конкурстық құжаттаманың 6- қосымшаның ескертуінің 3-тармағында материалдық ресурстардың жолдау құқығын растайтын құжат жалдау құқығының электорндық көшірмесіне алдын ала жалдау шартының электрондық көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс делінген.

Алайда, «Мұнайлы Қызмет» және «Мұнайлы Тазалық» ЖШС-гі қатты тұрмыстық қалдықтарды полигонға қабылдау және көму жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша «Көктем» МКК-ны арасында 03.01.2018ж №10 және 12.01.2018 ж №49 санды келісім шарттар жасақталған.

Аталған келісім шарттың 8-бөлімінде келісім шарттың әрекет ету мерзімі 01.01.2018 жылдан бастап 31.03.2018 жылға дейін деп көрсетілген.

Осыған орай, «Мұнайлы-Қызмет» және «Мұнайлы Тазалық» ЖШС-мен «Көктем» МКК-ны арасында жасақталған келісім шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болуына байланысты конкурсқа қатысуға жібермеу керек болатын.

Сондай-ақ, Қағиданың 4-қосымшасының 3-бөлімінің 18-тармағында, конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, дәл және анық болуы көрсетілген.

Алайда, «Мұнайлы Тазалық» ЖШС-гі мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау иесіз қалған малдар мен жануарлар өліктерін жинап тапсыратын арнайы мекеме «Вест Дала» ЖШС-мен 06.01.2018

жылы №02 санды ақылы қызмет көрсету жөнінде келісім шарт жасақталып қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері дәл және анық көрінбеуіне орай конкурсқа қатысуға жібермеу керек болатын.

Одан басқа, конкурстық құжаттаманың 6- қосымшасының 3-бөлімінде, әлеуетті өнім беруші қызметті көрсету үшін қажетті растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстық құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтерді көрсетеді делінген.

Алайда, «Мұнайлы-Қызмет», «West Mangistau», «Мұнайлы Тазалық», «Строй Альянс Сервис» ЖШС-нің конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес, ұсынған біліктілік туралы мәліметтерінде жалға алынған немесе тұрақты базасы көрсетілмеген.

Нәтижесінде, «Мұнайлы-Қызмет», «West Mangistau», «Мұнайлы Тазалық», «Строй Альянс Сервис» ЖШС-нің ұсынған құжаттары конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келеді деп негізсіз шешім қабылдағаны анықталды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша ұйымдастырушының мекен-жайына камералдық бақылау нәтижесімен анықталған бұзышылықтарды жою жөнінде хабарлама жолданылды.

Ұйымдастырушы тарапынан хабарламамен келіспен жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылдағы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

**Департамент басшысы** **С.Қасымов**

*Башагулов Е.*
*тел: 8 7292 31-90-92.*